

**Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының 2017 жылғы
23 тамызындағы бірлескен отырысының қаулысы****Астана қаласында
салауатты өмір салтын
қалыптастыру мәселелері**

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялары «Астана қаласының денсаулық сақтау басқармасы» ММ және «Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС-нің Астана қаласында салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері туралы есептерін тыңдап, талқылай келе, қалада халық денсаулығын нығайту, аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары қанағаттанарлықтай емес екенін атап өтті.

Астана қаласында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар мемлекеттік тапсырыс аясында кепілдендірілген көлем бойынша тегін медициналық көмек ретінде жүзеге асырылады.

29 бағдарлама мен бағыттар бойынша халық арасында салауатты өмір салты мен аурулардың алдын-алуды насихаттау бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. 2017 жылдың 1-жартыжылдығына 31 353 тұрғынды қамтумен 43 іс-шара өткізілген.

Астана қаласының ең ірі Led-экрандарында, бизнес орталықтардың мониторларында және барлық медициналық ұйымдарда СӨС қалыптастыру, әлеуметтік маңызы зор аурулардың алдын-алу бойынша бейнероликтер көрсетілуде.

Халық көптеп жиналатын жерлерде 7 бағыт бойынша аудиороликтер берілуде: онкологиялық аурулардың, қан айналымы жүйелерінің аурулары, мидағы қан айналымының қатты бұзылуы, жарақаттанушылық, ұрпақ жаңғырту денсаулығы, жұқпалы аурулардың алдын-алу.

Қала тұрғындарының көптеп жиналатын жерлерінде салауатты өмір салтының ең басты көріністері сыртқы жарнамаларда (ситиборд) бейнеленіп, радиожайлармен хабарлануда.

Тұрғындарды салауатты өмір салты мен аурулардың алдын-алу бойынша халықты ақпараттандыру үнемі республикалық және қалалық деңгейлі бұқаралық ақпарат құралдары: баспасөз беттерінде, теледидар, радио, www.zozh.kz сайты, әлеуметтік желілер (www.instagram.com, www.vk.com, www.youtube.com, www.facebook.com, www.twitter.com) арқылы жүзеге асырылуда.

Скринингтік зерттеулер мен салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі денсаулық Жастар орталығының жұмысына мониторинг жүргізілуде.

Сонымен қатар, қала тұрғындарының денсаулығын нығайту мен сақтауға бағытталған атқарылған жұмыстарға қарамастан, шұғыл шешуді қажет ететін мәселелер бар.

Халық денсаулығын қорғауға бағытталған сектор аралық және ведомствоаралық өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету мақсатында, қалалық атқарушы органдарды, азаматтық қоғам, бизнес құрылымдар, білім беру мекемелері, бұқаралық ақпарат құралдарын қатыстырумен Астана қаласында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша кешенді бағдарлама әзірлеп, енгізу қажет.

«Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС-ң халықтың салауатты өмір салтын ұстануға түсіндіріп, ынталандыру бойынша жұмысын қалалық денсаулық сақтау басқармасы үйлестіру қажет. Орталық жұмыс жасау барысында қалалық білім беру басқармасымен өзара әрекеттеспейді. Жұмыс оқушылар мен жастар арасында болып жатқан мәселелерге талдау жүргізілмей жасалуда.

Дұрыс тамақтанбау, гиподинамия, балалар мен жасөспірімдердің физикалық белсенділігінің төмендігі алаңдатады, бұл өсіп келе жатқан буынның денсаулығына кері әсерін тигізіп, ауыр дертке шалдығуына әкеп соғады.

Кәмелетке толмаған жастар арасында жол және тұрмыстық жарақат алу жағдайлары жиілеп кетті. Қалалық ішкі істер басқармасының ақпаратына сәйкес, ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында 41 жол жүру ережелерін бұзған кәмелет жасқа толмағандармен жасалған жол-көлік оқиғалары тіркелген. 40 балалар мен жасөспірімдер жолдың белгіленбеген жерлерінен өтіп, әртүрлі деңгейлі жарақат алған. Үй терезелерінен балалардың құлап түсуі жиіленген, 2017 жылдың 7 айына 28 бала терезден құлап түскен.

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялары көпшілік тыңдаулардың қатысушыларының талқылауының нәтижесінде **ҰСЫНАДЫ:**

1. «Астана қаласының денсаулық сақтау басқармасы» ММ «Астана қаласында салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері» туралы ақпараты назарға алынсын.

2. **Астана қаласының әкімшілігіне, Астана қаласының әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелеріне** астаналық тұрғындардың жеке және қоғамдық денсаулығында сапалы және оң нәтижелерге қол жеткізу үшін салауатты өмір салтын ұстану бойынша қоғамдық пікір мен белсенділікті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар қолдансын.

Қала тұрғындары арасында жаппай дене шынықтыру мен спортты, салауатты өмір салтын дамытуға ықпал ететін жағдайлар жасау бойынша жұмысты жетілдіре түссін.

Дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын жүргізу және спортпен шұғылдануға тұрғындарды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарды жаппай тарту үшін қаланың спорт алаңшаларын түгендеу және құжаттандыру жүргізілсін.

Архитектуралық-жоспарлау шешімдерін қабылдау кезінде салауатты өмір салты қағидаларын ұстанатын қаланы жоспарлау ескерілсін.

Жол-көлік оқиғаларын төмендету мақсатында аяқжолдар, жаяу жүргінші өткелдерін, астананың алыс аудандарындағы жолдар жарықтандырылсын. Ескерту жол белгілерін, мектепке дейінгі мекемелер, мектеп және балалар көп жиналатын басқа да жерлерде жол жүру ережелерін бұзуды фото-бейне тіркегіш орнатылсын.

Оқушылар арасында дұрыс тамақтануды насихаттау және қалыптастыру мақсатында жалпы білім беру мектебі, орта және жоғары оқу орындары аумағында тәтті газдалған сусындар, фастфудтар мен темекі бұйымдарын сатуға тыйым салу мүмкіндігі қарастырылсын.

3. «Астана қаласының денсаулық сақтау басқармасы» ММ «Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС-нің тұрғындар денсаулығын нығайтуға, аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру және дұрыс тамақтануға қажет іс-шаралардың сапасын жақсарту үшін атқаратын жұмыстарын жетілдірсін.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша ведомствоаралық үйлестіру кеңесін құру мәселесін қарау. Астана қаласының «Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС-мен бірге Астана қаласында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша аймақтық Бағдарлама әзірленсін.

4. Астана қаласының «Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» ЖШС салауатты өмір салтын қалыптастыруды жаңа түрлері мен әдістерін, алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибе мен заманауи технологияларды оқып, үйреніп, енгізу жұмыстарын жетілдірсін, оның ішінде қоғамдық орындарда денсаулық дүңгіршектерін, электрондық денсаулық дүңгіршектерін ашу қарастырылсын.

Қалалық органдармен, қоғамдық бірлестіктермен, астаналық ұйымдармен және мекемелермен салауатты өмір салтын ұстану бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында өзара әрекеттесу мен бірлесіп жұмыс жасауды қамтамасыз ету бойынша түбегейлі жұмыс жүргізілсін.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру және жағымсыз тәуелділіктің алдын-алу бойынша ең басты бағыттарды айқындау, сондай-ақ, қажетті ақпаратты-жарнамалық өнімді әзірлеп, басып-шығару, әлеуметтік жарнаманы дайындап, таратуды қамтамасыз ету мақсатында халықтың әртүрлі дейгейлі топтары арасында мониторинг жүргізілсін.

Салауатты өмір салтының әртүрлі көріністерін жарықтандыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жасау күшейтілсін.

5. «Астана қаласының ішкі саясат басқармасы» ММ бұқаралық ақпарат құралдарында балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын жарықтандыруды қамтамасыз етсін.

Астана тұрғындарын салауатты өмір салтын ұстануға үгіттейтін әлеуметтік роликтер мен теле-радио бағдарламаларға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту арқылы бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысы жандандырылсын.

6. «Астана қаласының білім беру басқармасы» ММ жалпы мектептерде спорттық іс-шаралар, денсаулық сабағы, сынып сағаттарын ұйымдастырып, өткізу арқылы балалар мен жасөспірімдерді салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыруға қалыптастыру бойынша жұмыстарды жетілдірсін.

Балалардың қалалық және республикалық спорттық, спорттық-техникалық, спорттық-саяхаттық жарыстарға қатысуын жандандырсын.

7. «Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстануға үгіттеу мақсатында дене шынықтыру және спортты насихаттайтын көпшілік үшін іс-шаралар жүргізісін.

**Әлеуметтік-мәдени даму
мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссия төрағасы**

М. Шайдаров

**Құрылыс, экология, көлік, сауда
және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссия төрағасы**

С. Жүнісов

**Зандылық, құқық тәртібі мен
қоғаммен жұмыс жасау мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы**

Г. Қасенов

**Бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссия төрағасы**

М. Шекенов

